



Автор: Мирова Гулжанат Орынбасаровна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.2.1.Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды засануи тұрғыда салыстырып,жаңашылдығына баға беру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушы орындай алады: материалдық және рухани құндылықтарды замануи тұрғыда салыстыра алады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: шығарманың бүгінгі күнмен байланысын аша отырып ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың заманауилығы мен жаңашылдығын салыстыра алады Оқушылардың кейбіреулері орындай алады: Әңгімедегі материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, талдау жасай алады, жаңашылдығына баға бере отырып, ойтолғау жаза алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: роман мазмұнындағы құндылықтар жүйесін талдау, бағалау тәсілдерін үйренеді. Пән ерекшелігіне сай лексика мен терминология: материалдық және рухани құндылықтар, заманауилығы мен жаңашылдығы т.б. Сабау — жүн сабайтын құрал. Тулақ – төсеніш ретінде қолданылатын, жүні алынбаған мал терісі, кептірілген көн тері. Көбіне ірі қараның, құлынның терісінен жасалады. Тулақтың түкті жағын төсенішке, тықыр жағын жүн сабауға пайдаланады. Ұршық - жүннен шүйкелеп жіп ируге арналған жеңіл аспап,жүн иіретін құрал Диалог пен жазылым үшін қажетті тіркестер: менің ойымша ..., автордың ойынша ..., мен ... ойлаймын т.б.
Күтілетін нәтиже:	-шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады; - жаңашылдығын бағалайды.
Бағалау критерийлері:	-шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады; - жаңашылдығын бағалайды.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» жалпы қоғамдық құндылығы: - тіл мен мәдениет; - өмір бойы білім алу; - топта мүшесі ретінде жүктелген жауапкершілікті сезіну; - топтық және жұптық жұмыста ынтымақтастықпен жұмыс жасау Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың топтаса және жеке отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлау білу, ақпаратты өңдей білу, өзіндік көзқарасын дәлелдей алу дағдылары негізінде жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://go.mail.ru/search_video?fr=chxtn13.0.0&gp=800000&q=бауыржан%20момышұлы%20ұшқан%20ұя&frm=
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, өзін- өзі тану, тарих
Бастапқы білім:	Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал. Әрбір адам- туысым,досым,жұрағат Әрбір сабақ-үйрену,ұғу,ұлағат Әрбір ісім- тілектірек,адалдық Әрбір сөзім-шындық бірлік адамдық Алдыңғы білім «Білімді бағамдайтын 5 сұрақ» 1.Бауыржан Момышұлы қай жылы,қай жерде дүниеге келген? 2. Бауыржан Момышұлының қандай шығармаларын білесің? 3.Бауыржан туралы қандай шығармалар бар? 4.Жазушының әңгімені жазуда қандай көңіл күймен жазғандығы байқалады? 5.Әңгімеде көтерілген мәселе қандай? - Әңгіме мазмұнын еске түсіреді -сұрақтарға жауап береді;	Қазақ әдебиеті Оқулығы ҚБ жұлдызша,киіз үй суреттер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс 1-топта «Әңгімедегі ұлттық құндылықтар желісі» 1.Әңгіме мазмұнын еске түсіреді 2.Ұлттық құндылықтарды табады 3. Ұлттық құндылықтардың маңыздылығын айтады 2.Салыстырмалы талдау Шығарма үзіндісі Бүгінгі күнмен салыстыру Әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты. Бірде әкеме жаттағандарымды айтып бердім. Ол мені мақтап арқамнан қақты Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді. - Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол. - Мен Момыштың ұлымын. - Момыш кімнің баласы? - Момыш – Имаштың баласы. Осылай жеті атаға дейін жетелеп отырып санататын. Сонан соң менің жеті атаға дейінгі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген. Менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди өн айтқан үні әлі құлағымда. 3-топқа « ПОПС.» формуласы Әңгіме неліктен «Ұшқан ұя» деп аталған? «ПОПС» формуласы – төрт сөйлемнен тұратын ой қорытындылауға бағытталған тәсіл (П – позиция; О – түсіндіру; П – мысал; С – қорытынды). ПОПС формуласының құрылымы мынадай: Бірінші сөйлем. «Менің ойымша, ... » Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны ... былай түсіндіремін». Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын». Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім». 4. «Биопоэма» әдісі «Автор туралы қызықты деректер» 7-3-1 1. Кейіпкерді суреттейтін 3 сөз 2.Кейіпкердің туыстық қатынасы- 3. Кейіпкердің әкесінің 3 атауы- 4.Кейіпкердің басынан өткізген 3 нәрсесі- 5.Кейіпкерді таңқалдырған 3 нәрсе- 6.Кейіпкердің тыңдаған 3 аңыз әңгімесі- 7Кейіпкер болашақ үшін 3 нәрседен қорқады? Ол - Дескриптор: -автор туралы деректерді саралайды - дәлел келтіре отырып,жауап жазады ҚБ. «Жұлдызша» арқылы бағаланады «Талқыға түсер тақырып» «Мен үш нәрседен қорқамын:бірінші-баласына бесік жырын айтпаған анадан,екінші-немересіне ертегі айтпаған әжеден,үшіншісі –бір-біріне қазақша сөйлеспеген қазақтардан» /Б.Момышұлы/ Пікірлер таласы: Әр бала бесік жырымен өсу керек Әжелердің ертегі,әңгімесі баланың тәрбиелі өсуіне ықпал етеді Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе Дескриптор: -Айырмашылықтарын таба алады; - Нақты көзқарасын білдіре алады. ҚБ. «Жұлдызша» арқылы бағаланады « Бір сөзбен айтқанда»» Ұлттық құндылық қалай сақталады? -Отбасы құндылығы бала ұғымында сақталса -Жеті атасын біліп өссе -Ана тілін біліп өссе -Ертегі,аңыз әңгімелерді естіп өссе -Ата-әже ұрпақтар сабақтастығы жалғасса Бук трейлер «Ұшқан ұя» көрсетіледі https://go.mail.ru/search_video?fr=chxtn13.0.0&gr=800000&q=бауыржан%20момышұлы%20ұшқан%20ұя&frm= Мақсаты: оқушыларға кітаптыңтолық нұсқасын оқуға ұмтылдырады	А3 қағазы, маркер А3 қағазы, маркер
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма ««Тәрбие-тал бесіктен басталады» тақырыбына әңгіме авторына хат үлгісінде шағын ойтолғау жазу. Дескриптор: -Ойын тұжырымдай алады - Авторға хат үлгісінде шағын ойтолғау жаза алады.	
Рефлексия	Кері байланыс «Сабақтан алған әсерім» 1.Мен үшін құнды 2.Мен үшін қызық... 3.Қатты ойландырды 4.Әлі ізденіп,оқуым керек.. 5.Маған бәрі түсінікті	